

№ 2 Лекция тақырыбы: Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы

Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

Лекция мазмұны.

1. Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы.
2. Сармат-Алан тайпалық одағы.
3. Ғұн тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихы мәселесі.
4. Жетісу және Тянь-Шандағы үйсіндердің этносаяси бірлестіктері.
5. Қаңлылардың тарихи-мәдени мұрасы.

1. Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы. Ерте темір дәуірі басталысымен, Евразия далаларында ірі тайпалық бірлестіктер қалыптаса бастайды. Олардың мүдделерінің қақтығысы, айналасындағы отырықшы-егінші халықтармен қарым-қатынастарының өзіндік түрлері қоғамның белгілі дәрежеде әскериленуіне әкеп соқты. Тарихи сахнада гректер мен парсылар скифтер, сактар, савроматтар деп атаған тайпалар пайда болды. Этникалық туыстығының, даму деңгейі мен өмір салтының ұқсастығының өзара тығыз байланыстылығы нәтижесінде етене жақын мәдениеттер құрылды. Скиф-сақ заманында тайпалардың материалдық мәдениетінде қару-жарақтың, ат әбзелдерінің айрықша түрлері пайда болды, "скиф-сақ аң стилі" деген атау алған өзіндік өнер кең таралды. Кей ретте ерте темір дәуіріндегі қоғам тұрғындарының бұл материалдық мәдениетін "скифтік үштік" (ат әбзелдері, қару, аң стилі) деп те атайды.

Ерте темір дәуірінің далалық тұрғындары ерекше қарқынмен дамыды, металл өндірісі, сауда айырбасы гүлденді. Тайпалық одақтардың ат төбеліндей бай шоғыры: патшалар, әскери мансап иелері пайда болды. Үлкен "патша" обалары, яғни қайтыс болған ауқатты адаммен бірге өзінің құндылығымен мәнді болып саналатын бұйымдар - қару-жарақ, ат әбзелдері, әшекейлер бірге жерлеген.

Қазіргі заман ғылымында ерте темір дәуіріндегі далалық тұрғындар қоғамының ерте мемлекеттік дәрежеде тұрғандығы туралы пікірлер айтылуда. Біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта өмір кешкен дала халықтарының даму дәрежесін пайымдай отырып, сібірлік ғалымдар **"Дала өркениеті"** деген атауды ұсынды.

2. Сармат- алан тайпалық одағы.

Сармат атауы біздің заманымыздан бұрын III ғасырдан бастап кездесе бастады. Жазба деректерге сүйенсек, сарматтар б.з.б. II ғасырда қазіргі Батыс Қазақстан мен Қара теңіздің солтүстік аймағын мекен еткен. Алайда, жазба деректерде сарматтар туралы дерек өте аз кездеседі.

Сарматтар алғашында, яғни б. з. б. VIII ғасырда «сауроматтар» деп аталған екен. Олар біздің заманымыздан бұрын екінші ғасырдан бастап Оңтүстік Орал мен Еділ бойын, Қазақстанның батыс аумағына қоныстанады. Бірақ, б. з.-дың IV ғасырында ғұндардан жеңіліп, батысқа қарай қоныс аударып кетеді.

Сол заманда өмір сүрген барлық тайпа сияқты сарматтар да ержүрек жауынгер болған. Сондай-ақ, сармат тайпасы дай (дах) – массагет, исседондармен туыстас болып келген және роқсоландар мен аландар және аорстар, сирақтар т. б. тайпалар сарматтардың құрамында болған.

Сармат тайпасы туралы грек, рим тарихшылары, соның ішінде Диодор, Геродот, Үлкен Плиний мен Полибий өз еңбектерінде жазып кеткен. Мәселен, Диодордың еңбегінде сарматтар сақтардың жерін басып алып, жер-суын иемденіп, халқын қырғынға ұшыратқан делінген. Ал, Геродот сармат тайпасын әйелдер басқарған дейді. Сондай-ақ, сарматтарда әйелдердің үстемдік еткенін қазба жұмыстары кезінде табылған ескерткіштер де растайды.

Диодор Сицилийский сарматтар Мидийден сақтар мекендеген Танаис өзеніне қоныс аударған деп жазады. Плиний сондай-ақ, сармат тайпасының мидиялықтармен туыстық байланыста болғанын хабарлады. Ал, Геродоттың айтуынша, сарматтар скифтердің ұлдарына тұрмысқа шыққан амазонкалар. Сөйтіп, амазонкаларға үйленген скифтер Танаис өзенінің бойына қоныс аударған делінеді.

Алайда, Геродот скифтердің шығу тегі туралы айтқанда, олардың Азияны мекендеген көшпелі скифтер деп көрсетеді. Кейіннен оларды массагеттер ығыстырып, скифтер Аракс өзені арқылы өтіп, Киммерия жеріне кеткен дейді. Геродот сонымен қатар «савраматтардың» тілі скиф тілі деп жазды. Бірақ олар бұл тілде бұрыннан қате сөйлеген. I Дарий скифтерге басып кірген кезде сарматтар скифтерді қолдап, сақ патшаларының әскерлерінің құрамына кірді.

Б.з.б. V-IV ғасырларда Сарматтар скифтермен көрші тұрып, бейбіт өмір кешті. Скиф сатушылары шығыс елдеріне шығатын кезде сарматтардың жерінен еркін өте алған. Перстермен соғыс кезінде сарматтар скифтердің сенімді одақтастары болды. Сондай-ақ, Атей кезеңінде де одақтастық қатынастар сақталды және сармат жасағы скиф патшасының сарайында әскери қызметте болды. Ал сарматтардың жеке топтары еуропалық скифтердің аумағында қоныстанды. Бірақ, III ғасырда бұл достық қарым-қатынастың соңы сарматтардың скифтерге қарсы басшышылық шабуыл жасауымен аяқталды.

Сарматтар жауынгерлігімен ерекшеленеді. Олар көрші скифтерге қарағанда Алдыңғы Азия, Солтүстік Кавказ бен Парфияға сәтті басқыншылық жорықтар жасап, үстемдік еткен. Мәселен, сарматтардың құрамында болған роксоландар Понтия патшасы Митридатпен соғысып, скифтерді жақтайды. Бірақ, кейін кезінде өздері соғысқан Митридатпен одақтасып, Римге қарсы басқыншылық жорық жүргізеді. Алайда, соғыс барысында сармат тайпалар одағының бірі аорстар Рим әскеріне көмектесіп, сирактарды талқандауға қатысады. Ал сирактар ол кезде Боспор патшалығының одақтасы болатын.

Алан тайпалары халықтардың ұлы қоныс аударуы кезінде ғұндарға қосылып, Испанияға дейін барды. Кейіннен ғұндар Батыс Қазақстанға қоныстана бастаған кезде сарматтар олармен етене араласып, біріге бастады.

Аландар, Яньцай-көшпелі тайпалар бірлестігі. Б.з.б. I мыңжылдықтың соңы мен б.з. I мыңжылдықтың басында Батыс Қазақстан мен Солтүстік Кавказ даласын мекендеген.

Аландар этногенезінің алғашқы кезеңі Орта Азия мен Қазақстанның ішкі аудандарымен байланысты. Аландар тайпаларының топтасуы туралы алғашқы дерек қытай (“Ши-цзи”) жазбаларында көрсетілген.

Бұл дерек бойынша б.з.б. I ғ. Каспий мен Арал теңіздерінен Орал жоталарына дейінгі кең алқапты көшпелі Яньцай мекендеп, 100000-ға жуық әскер шығара алған. “Кіші Хань династиясы хроникаларында” (“Хоу Хань Шу”) б.з. I ғ. соңы мен 2 ғ. басында Яньцай аты Алания болып өзгертілгені жазылады. I-мыңжылдықтың басында Аландардың бір бөлігі батысқа қоныс аударады да, басым бөлігі Арал мен Каспий теңіздері аралығындағы байтақ далада өмір сүре береді. Мұны сол өңірдегі этнопонимдер растай түседі. Мысалы, Маңғыстау мен Үстірттегі қамалдар Қоңыралан, Сүмбетеміралан, Алаңқала т.б. Аландар мәдениеті (“кейінгі сарматтар”) Арал-Каспий теңіздерінің солтүстігіндегі қорған ескерткіштері бойынша зерттелген. Одан Аландардың қой, жылқы өсіргендігін айғақтайтын заттар табылған. Солтүстік Кавказ Аландарының (осетиндердің ата-бабалары) көшпелі мал шаруашылығынан егіншілікке ойысқаны байқалады

Негізінен, сарматтар иран тілді ел болған. Бірақ, сарматтар мекендеген жерге ғұндардың келуіне байланысты, олар түркі тілінің ықпалына көшеді. Сарматтар жайлы жазба деректерге қарағанда жан-жақты, көлемді мәліметтерді негізінен археологиялық ескерткіштер береді.

3. Ғұн тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихы мәселесі.

Ежелгі Қазақ даласындағы этникалық, саяси, мәдени үдерістерде ғұн тайпаларының алатын орны ерекше. Осынау жоғалып кеткен халық аты жаугерліктің, қаталдық пен тағылықтың бейнесіндей көрінеді. Атилла бастаған ғұндар Еуропа елдеріне жортуыл жорық жасап, оларды құлазытып кетеді, олар халықтардың ұлы қоныс аударуын бастайды. Мұның бәрі Еуропа тарихынан мәлім. Тарихи әдебиетте олар хунну немесе сюнну деген атпен белгілі.

Ғұндар б.э.д. IV-III ғасырларда қазіргі Монғолияда мемлекетінің территориясында, Қытайдың батысында және Оңтүстік Сібір жерлерінде көшпелі ғұн тайпаларының күшті саяси бірлестіктері қалыптасты.

Ғұндар жазба деректерде алғашқы рет б.з.д. 822ж. аталады, ол кезде олар Қытайға үлкен жорық жасаған. Б.з.д. III ғ. Ғұндардың Қытайға шабуылы үдей түсті. Сондықтан да Қытай императоры Ұлы Қорған салдырды. Бұл кезде ғұндар туысқан рулардың одағы ретінде қалыптасып, оны сайланған көсем басқарды. Б.з.д. 209ж. Туман атты көсемнің баласы Моде өзін “**сенгир**” деп жариялап (сенгир-ұлы) Ғұн мемлекетін құру барысында қызмет ете бастады. Алдымен Ғұндардың шығыстағы көршілері — дунхулар талқандалды. Одан кейін ғұндар өздеріне батыста юечжи мен үйсіндерді, оңтүстікте лоуфень мен байян тайпаларын бағындырды. Ғұндардың күшейуі Қытайдың назарынан тыс қалған жоқ, ол кезде Қытайда жаңа Хань әулеті билікке келген болатын. Ғұндар мен Қытай арасындағы соғыс б.з.д. 188ж. Қытайдың жеңілуімен аяқталды. Қытай императоры Гао-ди өз әскерімен бірге Байден тауында қоршауға түсті. Императорды Моденің мейрімділігі ғана құтқарып қалды. Көп ұзамай Қытай мен Ғұндардың арасында бітім орнады. Ол бітім бойынша Қытай ғұндарға жылсайын салық төлеуге тиіс еді. Моде өлгеннен кейін бейбіт кезең бірнеше ондаған жылдарға созылды. Оны император Уди бұзды. Соғыс б.з.д. 129ж. басталып, 2 жақ алма-кезек жеңіске жетіп отырды. Қытайлар Ғұндарды Ордостан ығыстырса, б.з.д. 90ж. Яньшань тауының жанында күйрей жеңілді. Сенгир Хулагу өз бітімінің шарттарын талап етті. Бірақ бейбітшілік ұзақ болмады. Б.з.д. 59ж. Ғұн мемлекетінде өзара қырқысулар басталады. Сенгирлердің билікке таласына қытай дипломатиясы өршітіп отырды.

Деректерде ғұндар мен қаңлылардың өзара қарым қатынасы туралы мәліметтер сақталған. 55 жылы аса ғұдыретті ғұн мемлекеті – оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінеді. Солтүстік батыс Монғолиядағы Қырғыз Нұр көліне таяу жерден теріскей ғұндардың билеушісі Шөже (Чжи Чжи) өз ордасын орнатады. Олар үйсіндерге шабуыл ұымдастырып тұрады. Шөже мен Қытай елі де жауласады, әсіресе Шөже қытай елшілерін өлтірткеннен кейін бұл жағдай одан әрі ушығып кетеді. Шөже мен оңтүстік ғұндар арасындағы бәсеке тартыс күшейе түседі. Осы кезде үйсіндер мен қаңлылар арасында да соғыс өрши түсті. Қаңлылар одақтас ретінде Шөжеге ұсыныстар жасап Талас өңіріндегі жерлерді беріп, әскеріне қолбасшылық құқығын береді. Оған қоса қаңлы билеушісі қызын береді. Бірақ оның үміті ақталмады. Шөже үйсіндерді күйрете алмады. Керісінше шаньюй мен қаңлылардың арасында үлкен соғыс басталады. Шежірелерге сүйенсек Шөже қаңлылардың әдет ғұрыптарын мойындаудан бас тартты және ашумен қаңлылардың қызын (әйелін) өлтіріп қояды, бұған қоса бірнеше атақты ақсүйектерді өлтіріп Талас өзеніне лақтырып тастайды делінген. Бұл үшін Шөже қаңлы билеушісінің қосынан қуылып, Таластың жоғарғы жағына кетіп шаһар сала бастайды.

Шөженің күшейе түсуі және оның үйсіндерді дүрліктіріп, шапқыншылық жасай бергені Қытайды алаңдатты. Олар соғыс бастайды. Әскері екіге бөлінеді. Қалың қол Шу

алқабы мен Таласқа барып Шөженің қаласының түбінде қосылады. Қытай әскері қамалды бұзып Шөженің 1518 адамы тұтқынға алынып, олардың түгелдей басы кесіледі.

Ғұндардың қоныс аударуының екінші толқыны б.з. 93жылы басталады. Олар бірқатар тайпаларды бағындырып, екіншілерін соңынан ертіп, Сырдария бойы мен Арал өңіріне, Орталық және Батыс Қазақстан аймақтарына барып енеді. Б.з. IV ғасырында олар Европадан бой көрсетеді.

Тарихшылардың басым көпшілігінің деректеріне сүйенетін болсақ, ғұндар түріктердің арғы ата бабалары, олардың Қазақстан жеріне келіп кіруіне байланысты, шығыс иранның қаңлы тайпаларының түріктенуі басталады. Б.з. I мыңжылдығының бірінші жартысынан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан тайпаларының антропологиялық тұрпаты өзгереді де, моңғол тұрпаттылар пайда бола бастайды.

Ғұндардың шаруашылығы. Ғұндардың шаруашылық қызметінің негізгі түрі көшпелі мал шаруашылығы болды. Көшпелі өміріндегі басты рөлі жылқы мен қой атқарғаны белгілі. Өйткені, олар тебіндеп, жыл бойы жайыла алатын еді. Жылқылары моңғол тектес – жатаған, тұрпайы, бұлшық еттері мығым, қысқа да жалпақ басты болып келеді. Бұдан басқа өгіз, қодас, түйе табындары, орасан зор қой мен ешкі отарлары ұсталды. Мал отбасының меншігінде болды, әрбір отбасы мал жайылымы үшін ру аумағының бөлігін пайдалануға және өз руы тарапынан қорғауға алынды. Ғұндар өмірінде аңшылық та үлкен орын алған. Олар малын жайып келе жатып, жолай аң мен құстарды атып тіршілік қажетіне жаратқан. Біреуінің қылмысы үшін бүкіл ұжым жауап берді. Отбасылық қатынастарда көп әйел алу мен әменгерлік дәстүр үстем болды.

Ғұндардың қоғамы. Деректерге қарағанда, ғұндар 24 руға бөлінген. Ағамандар кеңесі мен халық жиналысы жұмыс істеген. Ғұн қоғамының билеуші тобы төрт рудан құралды. Бұл рулар арасындағы байланыстар некелік қатынастармен бекітіліп отырған. Яғни бір рудың ер азаматтары басқа үш рудан ғана қыз алысатын болды. Мемлекет басшысы тәңірқұт (шаньюй) төрт рудың ең ықпалды руынан ғана сайланатын болған, оған іле шала жалпы аты түмен басы деп аталатын бекзаттар жүреді. Жазба деректер күәлігіне қарасақ, олардың шаньюйдің ұлдары, аға інілері немесе жақын ағайын туыстары болған. Түменбасылар саны небәрі 24 екен, оларда әрқайсысының меншігінде көшіп қонатын жер сулары болған. Деректерде қара халықтарды қанау құралы ретінде, алым салықтың да болғаны жөнінде мәліметтер бар.

Кәсібі мен саудасы. Ғұндар арасында қолөнер кәсібінің өркен жайғаны металдан, сүйек пен мүйізден, тас пен саздан, ағаштан жасалған бұйымдарды көп табылғанынан белгілі. «Қабырғаларда кездесетін, қолдан немесе құмыра шеңберлерінде кездесетін керамика құмырал мен көзелер, саптыаяктар» – құмырашы өнерінің жоғарғы дәрежеде екендігінің дәлелі. Қазба жұмыстары кезінде ғұндар қабырғаларынан шетелдік заттар табылған. Олар: жібек маталар, қытайдың ағаштан жасалған қымбат мүліктері, айналар мен нефриттен істелінген бұйымдар.

4. Жетісу және Тянь-Шандағы үйсіндердің этносаياسي бірлестіктері.

Үйсіндер шамамен б.э.д. 160 ж Жетісу өлкесінде мекендеді. Олар сақ тайпаларының үстемдігін әлсіретіп, олардың жоғарғы князь билеушілері - *гуньмолар* өздерінің үстемдігін орнатты. Тайпа көсемдері мен рубасылары - бектер. Үйсіндер негізінен Іле өңірінде қоныстанып өмір сүрген, ал батыс жағында Талас, Шу алқабында мекендеген қаңлылармен шекаралас қоныстанса, шығысында ғұндармен, оңтүстігінде Ферғанамен көршілес қоныстанып өмір сүрген. Үйсіндердің *астанасы Чичуген* (Қызыл Аңғар қаласы) Ыстықкөл мен Іле өзенінің оңтүстік жағалауы аралығында орналасты. Үйсін мемлекеті үш бөлікке бөлінді : батыс, орталық және шығыс болып. Үйсіндердің шаруашылығы кешенді түрде мал шаруашылығы және жер шаруашылығы жағдайында дамыды. Жартылай көшпелі мал шаруашылығы үйсіндер шаруашылығының негізгі түрі болды. Бұл шаруашылық экономикасының дамуында жетекші роль атқарып отырды. Жер шаруашылығын жүргізу және жайылымдық жерлерді пайдалану жүйесі үнемі жетілдіріліп

отырды. Қытай мемлекетімен туыстық және кең дипломатиялық қатынаста болды. Жоғары дәрежедегі ауқатты байлар, орта дәрежедегі және қарапайым адамдар өмір сүрген үкімет билігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған.

Қазақстан жеріндегі ертеде құрылған (б.д.д. II ғ.) Кангюй, Яньцай, Үйсін мемлекеттері туралы қытай деректерінің «Шицзи» жылнамасында олар мал үшін бір орыннан екінші орынға көшіп жүре беретін көшпенді халық. Жайшылықта хундармен араласады. Үйсіндердің жаужүрек бірнеше мыңдаған әскері болды. Олардың бір кездері Іле өңіріне келіп қоныстанғаннан кейінгі уақытта аса күшті тайпалық мемлекет ретінде тарих сахнасынан шығып, өз тұсында едәуір ықпалды болғанын айтады.

Қытай тарихшысы Сыма Цян мен Бан Гудың «Ханнамасы» мен «Жылнамасында» мынандай деректер бар: «Үйсін мемлекетінің жері... ұлан байтақ кең, әрі жазық, жауын шашыны көп, ауа райы суық, тауларда қалың қарағай өседі. Егіншілікпен шұғылданбайды. Әдет ғұрпы хундарға ұқсайды. Бұл елде жылқы көп, байларында 4-5 мың жылқы болады. Халқы қайсар батыр келеді. Бұрын хундарға бағынышты болған кейін күшейді де оларға бағынбайтын болған. Шығыс жағы хундармен, Солтүстігі қаңлымен, батыс жағы Ферғанамен, Оңтүстігі қалалық мемлекеттермен шектеседі...».

Үйсін құрған мемлекетке 120 мың түтін қараған, жан саны 630 мың болып, 188 мың 800 сайлаулы әскер ұстаған. Ең үлкен билеушілерін Күнби (Гуньмо) деп атаған. Қытайлықтар қандас тайпалардың арасынан іріткі салу үшін қыздарын үйсіндерге ұзатып, ондағы ел билеген атқамінерлер мен елеулі адамдарды тарту таралғымен өздеріне тартқан. Бұл жөнінде қытай жазбаларындағы «Хань хандығының тарихы» атты кітаптың «Үйсіндер» атты тарауында нақты жазылған.

Үйсіндердің негізгі орналасқан жері – Іле даласы. Территориясы Шу мен Талас өзендері Қаратау- Тянь Шань тауы- Балқаш көлі- Ыстықкөл. Басты байлық мал мен жер.

Б.з.б. I ғасырда ежелгі үйсін қоғамында жерге жеке меншікке иелену басталды. Жеке меншіктің болғанының тағы бір белгісі жеке адамдарға тиеселі мүліктің ерекше таңбалармен белгіленуі. Таңбалар үй мүліктерімен жануарларға салынды.

Әскер басшылары мен лауазымды адамдар алтыннан, мыстан жасалған мөрлері болды. Лауазымы төмен үйсіндер тас және қыш саздан жасалған мөр ұстаған.

Археологиялық ескерткіштері. Үйсіндердің обалары салынған уақытына қарай 3 топқа бөлінеді:

*Ерте қорымдар: Қапшағай, Өтеген, Қызылеспе, Қызылауыз, Қызылқайнар. Ерекшелігі: солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеліп салынған, әр тізбекте 5-6 оба бар.

*Орта кезең қорымдары: Өтеген-Қарлақ, Қаратума, Тайғақ, Алтынемел, Талғар, Ақтас. Ерекшелігі: жүйесіз, 3 обадан тізбектеліп салынған.

*Соңғы кезең қорымдары: Қапшағай, Шолақжиде, Үңгірқора, Қалқан. Ерекшелігі: тізбексіз және жүйесіз салынып, қабірлер лаққаталып қазылған.

Үйсіндердің шаруашылығына келетін болсақ мал шаруашылығы егіншілікпен бірге жүргізілді. Жоғарыда айтқандай байларының жылқылары 4-5 мыңнан асқан. Ол малдардың ішінде жылқы өсіруге ерекше көңіл бөлген. Үйсіндер көбнесе тары мен арпа еккен. Отырықшы үйсіндер сонымен қатар мыс, қорғасын, қалайы, алтын кен орындарын да пайдаланған. Отырықшы үйсіндердің баспанасы кірпіштен және тастан салынған үйлер. Көшпелі үйсіндер киіз үйлерде тұрды.

Жерлеу дәстүрі. Үйсіндердің жерлеу дәстүріне келетін болсақ, олар мәйіттің қолын қапталына созып, басын батысқа қарай жатқазған. Олар өлген адамды тіріледі деп сенген. Адамды жерлегенде тұтынған заттарымен бірге көмген.

«Усун» терминінің мағынасы осы кезге дейін анықталмай отыр. Ол қытайдың иероглифтік жазбаларынан ғана мәлім, оның қазіргі айтылуы қазақ этнонимдерінің бірі — Ұлы жүз қазақтарының басты этникалық компоненті болып табылатын тайпаның өзін атайтынындай «үйсін» сөзіне сәйкес келеді. Бірқатар зерттеушілер бұл транскрипцияны Орта Азия тарихынан мәлім асиан этнонимі деп білуге бейім. Алайда соңғы зерттеулерде асиан термині ятии этнонимінің диалектілік нұсқаларының бірі болуы мүмкін деген

басқаша түсініктеме айтылады, ал оның транскрипциясының дәстүрлі ертедегі қытайша түрі қазіргі қытай тілінде айтылатын (юечжи) иероглифтері болған.

Усун терминінің транскрипциясын түсіндірудің тағы бір нұсқасы бар. Қазір у-сун деп айтылатын екі иероглиф ертедегі қытай тілінде а-сман, яғни асман, «аспан» делініп айтылған деп жорамалданады. Бұл айтылғандарды усун гуньмосына күйеуге берілген қытай ханшасының хатындағы: «Менің үйім мені... Аспан Еліне... күйеуге берді» деген сөздер растауы мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда, «көк тіреген таулар» дегенді білдіретін тянь-шань деген сөздің өзі де жергілікті атаудың аудармасы сияқты екенін атап өту маңызды.

Ежелгі усун қоғамында құлдық бола тұрса да, құл еңбегі өндіріс негізгі болған жоқ. Сол кездегі дүние жүзінің көптеген халықтарындағыдай, усундерде де құлдықтың негізгі көздерінің бірі соғыс тұтқындары болады. Мысалы, жазбаша деректемелерде мынадай оқиға келтірілген: б.з.б. I ғасырда усун гуньмосы Вэн Гуйми (Фейван) ғұндарға тұтқиылдан шабуыл жасап, 40 мың адамды тұтқынға алады да, қайтқанда өзімен бірге алып кетеді. Құлдардың шығуының борышқорларды, кейбір жағдайларда өзінің туысқандарын құлға айналдыру сияқты көздері де болуы мүмкін. Бірақ бұл көздердің тым шектелуі болғаны анық, өйткені патриархаттық-рулық қалдықтар күшті болған қоғамда еркін ұсақ өндірушіні құлға айналдыру өте сирек кездесетін еді. Әдетте, мырзаны, оның отбасы мүшелерін күтетін малай ретінде құлдар пайдаланады. Бірақ, сірә, қолөнерші-құлдар, малшы-құлдар немесе егінші-құлдар да болса керек.

Жазбаша деректемелер мен археологиялық материал усун қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік фактісін анықтауға ғана емес, сонымен қатар оны ең басты әлеуметтік топтарға шартты түрде бөлуге де мүмкіндік береді. Бұл мәселенің археологиялық негіздемесін келтіре кетейік. Жетісу аумағындағы усун заманынан қалған мыңдаған обалар үш тұрпатқа бөлінеді. Олардың біріншісі – диаметрі 50 – 80 м және биіктігі 8 – 10 – 12 м үлкен жер обалар. Үйінді астында, әдетте еркектер мен әйелдер жерленген бір-екі мола шығады.

Теңлік обасында (Шығыс Жетісу) бір молаға атақты әйел жерленген. Оның киімі мәнерлі үлкенді-кішілі алтын қаптырмалармен сәнделген, құлақтарында – бедерленген алтын сырғалар бар, шашына немесе бас киімі не алтынмен шебер қапталған ауыр түйреуіш түйрелген. Мұнда оның қасына сәндік заттар (қола айна және алтын жапырақша жолақтарымен өрнектелген ағаш қобдиша) қойылыпты.

Батыс Жетісуда үлкен обалардың (Қаракөл мен Бурагин обалары) астындағы қабірлер бай, олардан да мүсінді алтын қаптырмалар, Грек-Бактриядан шыққан тігіп орнататын қаптырмалар, лак бұйымдарының қалдықтары, аң стиліндегі әшекей бұйымдары, қару, қыш және ағаш ыдысатар шық-ты.

Екінші үлгідегі обалардың мөлшері (Шарын өзеніндегі Қаратұма қорымы үлгісіндегі) диаметрі 15 – 20 м шамасында, биіктігі 1 метрге дейін болады. Үйінді астында – бір-екі мола, кейде бір молда – екі қаңқа жатты. Құрал-сайман: үш-төрт қыш және ағаш ыдыстар, ұсақ қола, кейде алтын әшекейлер (сырға, жүзік, түйреуіш, білезіктер), «скифтік» өнер стилінде жасалған қола аспалы белдіктер, қару – темір қанжарлар мен семсерлер, жебенің үш қырлы және қалақ бас ұштары. Мұндай обалар жүзге тарта үйінділері бар қорымдарда топталады.

Және, ақырында, диаметрі 5 – 10 м және биіктігі 30 – 50 см шағын үйінділер түріндегі обалардың үшінші түрі өте көп. Көмілген заттары біркелкі және аз: бір-екі ыдыс, темір пышақтар мен түйреуіштер, отқа-текте қола сырғалар мен моншақтар кездеседі, оларда қару болмайды.

Үлкен обаларда атақты адамдар – ірі меншік иелері мен олардың әйелдері немесе көңілде әйелдері қойылған деп айтуға әбден болады. Орташа обаларда өз алдына бөлек шаруашылық жүргізетін, халықтың көпшілігін құрайтын ерікті, қатардағы қауым адамдары, ал ұсақ обаларда – тәуелді ұсақ өндірушілер мен құлдар жерленген.

Үйсіндер – ежелден келе жатқан түркі тайпаларының бірі. Бүгінде Ұлы жүз құрамындағы ру.

5. Қаңлылардың тарихи-мәдени мұрасы. Б.з.б. II ғ. «халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталатын оқиға нәтижесінде Орталық Азияда бірнеше жаңа мемлекеттік бірлестіктер пайда болды. Соның бірі – Қаңлы мемлекеті. Оның Шығыс шекарасы Талас өзенінің бойымен өтті де, кейіннен б.з. III ғасырда Жетісудың оңтүстік-батысына дейін жетті. Мемлекеттің аумағы Ташкент жазирасын, сондай-ақ Сырдарияның төменгі және орта ағысын, Жаңадария, Қуандария өзендерінің аңғарларын, Арыс өзенін, Қаратау бөктерлерін қоса, Оңтүстік Қазақстанның байтақ кеңістігін алып жатты. Астанасы Битянь қаласы болды. Халқы 120 мың отбасы, 600 мың адамды, әскер саны 120 мың адамды құраған.

Қазақстан жерінде тарихта елеулі із қалдырған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі - Қаңлы мемлекеті. Қаңлы тайпалары III ғ. Оңтүстік Қазақстан жерін мекендеген. Қаңлы мемлекетінің халықтары негізінен жер, мал шаруашылығы, қолөнер және сауда-сатықпен айналысты. Қаңлылар Қытаймен, Парфиямен, Риммен және Кушан империясымен саяси-экономикалық және мәдени байланыстар жасады.

Қаңлы мемлекеті туралы алғаш рет біздің дәуірге дейінгі ғасырдағы жазба деректерде айтылады. Сол деректердің қортындыларына сүйенсек бұл мемлекеттің орталығы орта Сырдариядағы *Битянь* қаласы болған. Жапон ғалымы Сиратори ол қаланы қазіргі Түркістан қаласының маңы деп есептейді. Кейбір мәліметтер, зерттеулер бойынша қаңлылардың мемлекетін *патша* басқарған. Олардың патшалары ябгу деп аталған. Сондай-ақ мемлекеттік аппарат құрамында патшаның орынбасары және үш кеңесшісі болды. Қаңлы мемлекетінің заңы бойынша ұрлық жасаған үшін қолы кесілді. Тарихи аңыздар мен рауаяттарда «қаңлы» деген аттың шығу тегін Оғыз ханмен байланыстырылады.

Қазақстан археологы Қ.Ақышев бастаған экспедицияның анықтауы бойынша қаңлылардың I ғ. саяси орталығы Отырар (Фараб) яғни Орхон ескерткішіндегі Қаңғу Тарбан болып есептеледі. Отырар қаласы тарихи деректерде «Тұрар», «Тұрар банд», «Тарбан», «Тарбанд» деп аталып кеткен. Қаңлы халқының этникалық құрамы жайлы деректер әлі күнге дейін толық зерттеліп шешімін таппаған мәселе болып табылады. Қаңлылардың кең зерттелген ірі елді мекені - Көк-мардан, ал қорымдардың ішінде атап кететін – Мардан-күйік. Қаңлы мемлекетінің теңгелері шығарылған негізгі аймақ – Ташкент болды.

Кангюйлер мекендеген археологиялық ескерткіштері

1) *қауыншы*, 2) *отырар-қаратау*, 3) *жетіасар* археологиялық мәдениеттеріне жатқызылады. 1) Ташкент; 2) Сырдарияның орта ағысындағы Қаратау беткейлерінен Таласқа дейінгі аудандарға, 3) Қуандария мен Жаңадария аңғарына таралған.

Кангюй дәуіріндегі Орталық Азия аймақтарына салыстырмалы сипаттама берген кезде Сырдария сағасынан Ферганаға дейінгі біртұтас мәдени-шаруашылық өңір айқындалады. Ол өңірге отырықшы егіншілік-малшылық экономика, іргелі архитектурасы мен қорғаныс құбылыстары, қоныстанудың жетекші үлгісі ретінде аздап бекініс жасалған қоныстар, қолөнердің нашар дамуы, ақша айналысының шектелулілігі және басқа да белгілер тән болған.

1) *Қауыншы мәдениеті* Ташкент маңындағы кенттерінен алынған материалдарға байланысты, оның бірі Қауыншы кентінің атымен аталған. Бұл мәдениеттің тарихи тұрғындарының өмір кешкен мерзімі б.з.б. III ғ. мен б.з. I ғ. арасы. Қазақстандық ғалымдар бұл мәдениетке Ташкент аймағына жақын жатқан Шардара су қоймасының жеріндегі ескерткіштерді де жатқызады.

Шардараға жақын жердегі *Ақтөбе* қонысы *қауыншы мәдениетінің ең жақсы зерттелген ескерткіші* болып табылады. Ол Сырдария сол жақ жағалауына орналасқан. Қала орны үш жағынан дуалмен, ал Сырдария жағынан қазылған ормен қоршалған. Қала

орнының орталығында орналасқан биіктігі 20м. жуық дөңгелек төбе (оба) ерекше көрінеді.

2) *Отырар-Қаратау мәдениеті* ескерткіштері шоғырланған орталықтардың бірі Отырар алқабы болды. Мұнда, Арыстың сол жақ жағалауында, 100 шақырым шаршы болатын 20 шақты томпақ төбелердің қалдықтары жатыр: Пұшық-Мардан, Қостөбе, Шаштөбе, шөлтөбе, т.б. Олардың ең ірісі: Көк-Мардан. Көлемі мен орналасуына қарағанда Көк-Мардан қала орталығы болған.

Үйлер, әдетте, екі бөлмелі болған, екі бөлмелі сирек, оның үстіне екінші бөлмесі қойма болып келеді. Үйдің ортасына жақын жерде тікбұрышты жерошақ болан. Бөлмеде қабырғаларда жағалата адам жататын аласа сәкілер орнатылған. Бұрыштарына су мен азық-түлікке арналған ыдыстар қойылған. Ыдыстар қабырғалардың жанында тұр.

3) Б.з.б. I мыңжылдықтың орта шенінен б.з. I мыңжылдықтың ортасына дейін шығыс Арал өңірінде өзіндік ерекшелігі бар *жетіасар мәдениеті* өркендеген. Жетіасар мәдениетінің өзіне тән бір ерекшелігі тұрақты мекен-жай салуда, қауыншы мәдениетінің тұрғындарына қарағанда, құрылыс жүйелерінің күрделі әрі сапалы салынуы бірден байқалады. Бұл мәдениеттің жүз елуден (150) астам бекіністі қала орындарынан, жүздеген обалы қорымдардан тұратын ескерткіштері Сырдарияның ең солтүстіктегі ежелгі тармақтары Қуандария бойында шоғырланған. Барлық қалалар күшті және дамыған қорғаныс құрылыстарының жүйесімен бекітіліп, ішінде түгелдей секция-үйлер салынған.

Кангюйлер заманының қоныстары қасында үлкен зираттар орналасқан. Кангюйлер тән ең сипаттысы үңгіп, лақыт жасап және жай шұңқырларға жерлеп, үстіне оба үю, сағана салу болып табылады.

Кангюй мемлекеті алып жатқан жер табиғи-климаттық және ландшафтық-географиялық көрсеткіштері жөнінен мейлінше әр түрлі болған. Нақты шағын аймақтардың әрқайсысындағы тұрғындардың шаруашылық қызметінің негізгі бағытын да географиялық орта анықтады. Көшпелі (жартылай көшпелі) мал шаруашылығы мен суармалы егіншілікпен айналысқан тұрғындар мемлекеттік құрылым шеңберінде жарасымды біріктірілді.

Тұрғын үйлер жанында малды қоршауда ұстауға арналғаны анық орындар кездеседі. Малдың негізгі бөлігі, сірә қоныстан тыс жерде ұжымдық табында ұсталса керек.

Үйрек, қаз сияқты суда жүзетін құстар аулаған. Балық аулау дамыған, оны балық сүйектері мен қабыршақтарының табылуы дәлелдейді. Тәутеке, арқар, киік, марал, қабан сияқты жабайы жануарлардың сүйектерінен бұйымдар жасаған.

Кангюйлердің қалалары мен қоныстары жергілікті қолөнер орталықтарына айналды. Қоныстар мен қорымдарды қазғанда түрлі керамика табылды (металл ыдыс, керамика ыдыс). Темір ұсталығы, қола құю, зергерлік істің дамығаны көрінеді. Сүйекпен пышақтың, қанжар, семсердің саптары істелген. Жүн өңдеу-жылы киім тоқылды, қой жүнінен киіз басылды. Ши тоқылған.

Б.з. II-V ғ. кангюйлер шаруашылығының сипаты туралы жинақталған деректер тұрғындарды барлық қажетті өнімдермен, шикізатпен және қолөнер бұйымдармен өзін-өзі толық қамтамасыз етті. Ең дамыған аймақтарда ертедегі қалалық орталық қалыптасып, қолөнер мен сауда орталықтарына айналды.

“Хань үйінің тарихы” кітабында, “Батыс өңірі туралы мәліметте” Кангюйлер туралы нақтырақ айтылады.

Онда “Кангюй билеушісі Лююени елінде Битянь қаласында орныққан. Лююеннен 7 күндік жерде оның жазғы ордасы болған. Халқының саны 120000 шаңырақ, 6000000 жан. 120000 әскері бар”. Осы деректерден Кангюйдің сыртқы саясатының кейбір көріністері белгілі болып отыр. Б.з.д. 45-36ж. олар солтүстік Ғұндарды қолдап, сөйтіп, оларға қарсы үйсін және Қытаймен бірігіп қарсы шыққан. 85ж. Кангюй Қашқардағы Қытай наместнигі Бань Чаоға қарсы болған фергандықтардың көтерілісін қолдады. Сонымен қатар мынадай мәліметтер бар: “Кангюй... такаппар да асау, үлкендер алдында бас июге ешқашан келіспейді. Наместниктерден жіберген чиновниктерді үйсін елшілерінен төмен

отырғызады. Тамақты алдымен князьдар мен старшиналарға береді, тек содан соң, ғана наместниктің адамдарына береді”.

Кангюй саясатының жалпы бағыты Ұлы жібек жолының Ферғанадан Аралға дейінгі Сырдарьямен өтетін бөлігін өз бақылауында сақтап қалуға тырысу болды. Бұл оларға сәтті болды. Ұлы жібек жолының Сырдарья арқылы солтүстік батысқа, Кавказға, Қаратеңізге, сонымен қатар Иранның оңтүстігі мен таяу Шығыс пен Индияға қатынағаны туралы қаңлылардың және Яньцай-Аланья тұрғындарының қалалары мен некропольдарын, тұрақтарын қазған кезде табылған бұйымдар дәлелдейді, солардың ішінде: Қытай монеталырымен айналары, Индиядан келген коралл моншақтары, Европадан келген қола қапсырмалар, Ираннан әртүрлі тастар бар.

Кангюй халқының этникалық сипаты әлі де болса күрделі сұрақ, толық зерттелмеген. Қаңгюйлер қай тілде сөйлеген туралы әлі де тұтас пікір жоқ. А.М.Бернштамның пікірінше, Кангюйлер түркі тілдес болған. Басқа зерттеушілер оларды солтүстік иран малшы тайпалары, б.з. Іғ. ортасында ғана Сыр өңіріне түркі тайпаларының келуіне байланысты ғана өзінің этникалық түрі мен тілін өзгерткен дейді. Б.А.Литвинскийдің пікірінше, кангюйлер иран тілдес сақтардың тұқымы. Оның ойынша, Кангюй атауы сақ тайпалары бірінің атауы болуы мүмкін, оны аударғанда - “тері киімді адамдар” (немесе сауат).

Қаңлы елі өз ішінен бес иелікке бөлінген. Әр иеліктің кіші хандары болған.

1. Сусе иелігі. Орталығы Сусе қаласы.
2. Фуһу иелігі. Орталығы Фуһу қаласы.
3. Ионе иелігі. Орталығы Ионе қаласы.
4. Жи иелігі. Орталығы Жи қаласы.
5. Иоган иелігі. Орталығы Иоган қаласы.

Дәл қай жерде орналасуы белгісіз.

Қаңлылардың билеуші титулы хан болды. Бүкіл елді басқару ісін 3 үезірі атқарған. Лауазымдық қызмет мұрагерлік жолмен берілді Қаңлылар туралы мәліметтерді Хань әулетінің «Цянь Ханьшудың» жерге орналасуды суреттеу» деген бөлімінде айтылады. Қаңлылар туралы зерттеулерде өздерінің елеулі үлес қосқан ғалымдар бұл А.Н.Бернштам, С.Г.Кляшторный, Л.Левина, Ю.Ф.Буряков.

Оқытудың техникалық құралдар слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық
Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі

Күрделі деңгей:

1. Қазақстандағы ерте темір дәуірінің зерттелуі туралы сипаттап жазыңыз.

Орта деңгей:

1. Көшпеліліктің қалыптасуының алғышарттарын атап көрсетіңіз.

Жеңіл деңгей:

1. Ерте темір дәуірі хронологиясы мен археологиялық мәдениет ескерткіштерін атап көрсетіңіз.

БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері

1. Сақтардың Ахеменидтер державасымен қарым-қатынасы.
2. Сақтардың грек-парсы соғыстарына қатысуы.
3. Сақтардың Александр Македонскийді жаулап алуына қарсы күресі.
4. Ғұндармен және қаңлылармен қарым-қатынас.
5. Тасмола мәдениеті: күні, ауқымы, қорғандар мен материалдық мәдениеттің ерекшеліктері

6. Үйсіндердің көрші халықтармен және мемлекеттермен қарым-қатынасы.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.
2. Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.
3. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.
4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.
5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап XIII ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. XIII-XVIII ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016
7. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.
8. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.
10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.
11. Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.
12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
3. Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
4. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Қ. Қаражан және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., Жылгелдинов М.Т. Астана, 2017

9. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.

10. Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.

11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст] : оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.

12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 140 б

13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. -446 б.

14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

WEB сайттар тізімі

1. e-history.kz

2. tarikh.kz